

Аққұдық орта мектебінде өткізілген  
«Қамқоршылық кеңес» отырысының  
**№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Өтілген күні: 09.01.2023

Қатысқандар:

1. Иманкулов Аскар – Қамқоршылық кеңес төрағасы, КХ «Мурат» басшысы.
2. Жампинова Роза – Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары, ЖК «Несібе» дүкені басшысы.
3. Ногайбаев Сабыржан – Қамқоршылық кеңес мүшесі, ақсақалдар қауымдастығының мүшесі.
4. Сейтжанов Бауыржан – Қамқоршылық кеңес мүшесі, зейнеткер.
5. Аблясов Максат – Қамқоршылық кеңес мүшесі, ЖШС «АМК», мастер.
6. Сарсеков Бауыржан – Қамқоршылық кеңес мүшесі, КХ «Жандос» басшысы.
7. Төлепберген Ерлан – Қамқоршылық кеңес мүшесі, КХ «Ерулан» басшысы.
8. Жаманова Даража – Қамқоршылық кеңес мүшесі, КХ «Жаманов» басшысы.
9. Даулетьярова Анара – Қамқоршылық кеңес мүшесі, Аққұдық ауылдық округі әкімінің бас маманы.

Қатыспағандар: 0

**Күн тәртібінде:**

1. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу.
2. Қамқоршылық кеңесі жұмысының жүргізілуі
3. Отбасы құндылықтарын насихаттау және отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту.

**Бірінші мәселе бойынша:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Е.Ақниязова сөйледі. «Қауіпсіздік ережесін сақтаймыз» тақырыбында апталықтар өткізілді. Оқушыларға қауіпсіздік туралы кеңінен түсіндірілді. 1-4 оқушылар арасында «Қауіпсіз мектеп» тақырыбында сурет байқауы, 5-9 сынып оқушылары арасында «Жолда жүру ережесін білемізбе?» тақырыбында қабырға газеттері, буклеттер кункурсы өткізілді. 1-11 сынып оқушыларына «Қауіпсіз жол жүрісі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Ата-аналар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылып қауіпсіздік жайлы түсінік жұмыстары жүргізілді. Видеороликтер, презентациялар көрсетілді. Сонымен қатар оқу жылы басында кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу бойынша жұмыс жоспары жасалынып, бекітілді. 7-11 класс оқушылары үшін тақырып аясында дөңгелек үстел, дәріс сабақтар, тәрбие сағаттары өтілуде. Кешкі мезгілде оқушылардың көшеде жүрмеуін болдырмау мақсатында кезекшілік кестесі құрылды. Кестеге сәйкес ата-аналармен бірлескен рейд жүргізілді. Рейд барысында оқыс оқиғалар орын алған жоқ. Дегенмен ата-аналарға түнгі уақытта, беймезгіл балаларды көшеге жібермеу керектігі ескертіліп айтылады.

**Екінші мәселе бойынша** Қамқоршылық кеңестің төрағасы Баймурзин Асылбек Кадіржанұлы сөз алып, Қамқоршылық кеңесінің міндеттері мен атқаратын іс-

әрекеттері жайлы айтты. Қамқоршылық кеңес мектептің өзін-өзі басқару органы болып табылатынын және мектептің қызметі мен дамуына жәрдемдесу үшін құрылатынын айтып өтті. Қамқоршылар кеңесі мектептегі балалардың қажетіне пайдаланылатын материалдық жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, мектептің материалдық жағдайын қамтамасыз етуге ықпал ету секілді жұмыстар атқаратындығына тоқтала келе, кеңестің құрамы 2 жыл бойы жұмысын нәтижелі атқарды, бірақ ереже бойынша 3 жылда бір қамқоршылық кеңесінің құрамы өзгеріп отыруы қажет. Үшінші жылда да кеңес құрамын өзгертпей, сол тізімде қалуды ұсынды.

-Кеңестің мүшелері ұсынысты қолдады.

**Үшінші мәселе бойынша:** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Е. Акниязова сөйледі. «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының мақсаты - біртұтас ұлттың бәсекеге қабілетті, сындарлы, күшті, шығармашылық, патриот және белсенді тұлғасын қалыптастыру, жетістікті болашақтың іргетасы тәрбие мен білім беру салты болып табылады. «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы «Отаным – тағдырым» базалық бағыты, «Өлкетану» базалық бағыты, «Саналы азамат» базалық бағыты бойынша іске асырылады. Аталған бағдарлама бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға сай жұмыстар атқарылуда. Оқушылардың мемлекеттік рәміздерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу, кітап оқуға насихаттау, ұлттық спорт түрлерімен танысу, туып – өскен өңірдің тарихымен танысу т.б. мақсатында сынып сағаттары өткізілуде.

### Шешімі:

1. Құқықбұзушылықтың алдын - алу үшін атқарылатын жұмыстар жандандырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес құрымы жұмысы жалғастырылсын.

Төраға:









Хатшы:



А.С.Иманкулов

А.Ж.Муздакова

Мүшелері:

<u>Р.Жампинова</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>С.Ногайбаев</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>Б.Сейтжанов</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>М.Аблясов</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>Б.Сарсеков</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>Е.Төлепберген</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>Д.Жаманова</u>	/  /
(АТӘ)	қолы
<u>А.Даулетьярова</u>	/  /
(АТӘ)	қолы